ЗКТ, ИПС
5 үзінді. жорғыке
12.12.2023г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 19 қазан № 7119-23-00-2/11304 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Amal» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айбын Ерболұлы Құрманжан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Amal» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айбын Ерболұлы Құрманжанды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Amal» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айбын Ерболұлы Құрманжан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Amal» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айбын Ерболұлы Құрманжаннан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 19.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Искалиева А. С., 11.12.2023

«ЕРІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - СОТ ОРДАРІСІ - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ЕРІК» - СУДОПРОИЗВОДСТВО

7119-23-3-1/11014

5573 әскери бөлімі
Кіріс № 35-7457
13 12 2023 ж.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 19.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Искалиева А. С., 11.12.2023